

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 1573 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 857 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы N 2975 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 1573 Жарлығының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 қарашадағы N 3223 өкімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 103 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 2, 22-құжат);

2) "Қазақстан Республикасында лотереяларды ұйымдастыру мен өткізудің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1328 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 49, 449-құжат) 1-тармағының 2) тармақшасы;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 565 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 19, 209-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі